

4. Пангереев А. Ш. Әдебиет және топонимика: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Редакциялық баспа бөлімі, 2003. - 118б
5. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 98 б.
6. Шерубай Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография»
7. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш»
8. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: -Алматы: Сөздік-словарь 1998ж. -304 б.
9. Б.Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі»
10. І.Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі»
11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том/Құраст. А.Фазылжанова, Н.Оңғарбаева, Қ.Ғабитханұлы және т.б. -Алматы, 2011ж. – 752 б.
12. Мұхтар Әуезов Шығармалар. - Алматы, 1969 - XII том. - 141-бет

## АҒАРТУШЫ Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ӘДЕБИ ТІЛ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Ғылыми жетекші-доцент **Мұратбек Б.Қ.**  
**Бақтыгерей Айкөркем Ханатқызы,**  
**Бектібаева Жаннұр Бектібайқызы**  
**Жеткерген Айқын Сердалықызы**  
4-курс, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
«Қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті» мамандығы

Кез-келген ұлттың тарихи даму жолында белгілі бағыт-бағдар сілтеп, сол ұлттың, халықтың өмір сүру дағдысында өзіндік қолтаңба қалдырып, ерекше еңбектерімен есімі танылған тұлғалар бар. Қазақ тарихының әліппесінде есімдері мен еңбегі бағалы, баршаға танымал тұлғалар қатарында тұңғыш энциклопедист ғалым Ш.Уәлиханов, классик ақын Абай Құнанбаев, тұңғыш ағартушы ***Ыбырай Алтынсариннің*** есімі ерекше. Бұл тұлғалардың өз халқы үшін кешкен азаматтық ғұмыры, атқарған жарқын істері бірін-бірі жалғастырып, толықтырып тұрады. Әрқайсысының еңбегі құнды болғанымен, олардың жасаған қажырлы, қайратты өмір жолдары өзара сабақтастық пен бірлікте. ып жатыр. Шоқан ғалымдығымен, ізденімпаздығымен дараланса, Абай кемеңгер ойларымен, қара сөздерімен халықтың жадында мәңгіге қалды. Ал Ыбырай Алтынсарин ағартушылығымен танылған тұңғыш педагог. Әрине, олардың бұл қасиеттері тек жалпыхалықтық таным дүниесіндегі түсінік. Өйткені аталған тұлғалардың еңбек еткен салалары мол, әрі терең де зерделі.

Зерттеу алаңы- Ыбырай Алтынсарин, аса көрнекті ағартушы, этнограф, қазақтың ұлттық әдеби және жазба әдеби тілінің негізін қалаушы. Орыс графикасы негізінде қазақ

әліпбиінің негізін жасады. Заманының жаңашыл педагогы болған Ыбырай Алтынсарин ағарту саласында жаңаша оқу қалыптастырған тұлға. Сондай-ақ, ол тарихтың қиын да күрделі кезеңінде, қазақ қоғамының құрылымында да, экономикалық, әлеуметтік-саяси өмірінде де қажырлы еңбек еткен. Оның осындай кезеңде дүниеге келуі де кездейсоқтық болмаса керек. Ы.Алтынсарин аса бір қиын шақта дүниеге келді. Жалпы, Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазанның жиырмамыншы жұлдызында дүниеге келген. Әкесі 1844 жылы Кенесары шапқыншылығы кезінде қаза табады да, Ыбырай атасы, белгілі би Балғожаның тәрбиесінде болады. Балғожа Жаңбыршыұлы Ыбырайды патша өкіметі Орынбор Шекаралық комиссиясының жанынан қазақ балаларын оқытып, писарлар мен тілмаштар дайындайтын арнаулы мектепке оқуға береді. Ол 1850 жылы қабылданып, 1857 жылы бітіріп шығады.

*Ыбырай Алтынсарин* сондағы шекара комиссиясында қызмет істегені белгілі. Шығыс зерттеушісі В.Григорьевтен сабақ алады. Оның үйінде жиі болып, кітапханасынан әдебиет, тарих тағы басқа ғылым салалары бой кітаптар оқиды. Кейіннен дүние жүзі әдебиеті классиктері В.Шекспир, И.Гете, Дж.Байрон, А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, М.Ю.Лермонтов, Ә.Фирдауси, Г.Низами, Ә.Науаи тағы басқа ақын-жазушылардың шығармаларын өздігінен оқып білім алды. Бұл Ыбырай Алтынсариннің ой-өрісін кеңейтеді, өркениетті елдердің ғылымы мен мәдениетіне деген құштарлығын арттырады. Өзінің мектеп қабырғасында жүріп үйренген, білген дүниелері негізінде қазақ балалары үшін арнайы мектеп ашуды армандайды. Өзге ұлттардың білімі, мәдениеті, өнері т.б. Ы.Алтынсаринді осыған итермеледі, сондай білімді, мәдениетті, өнерлі болуды қазақтың бойынан көргісі келді. Себебі, Ыбырай Алтынсариннің қаламынан туындаған «*Өнер-білім бар жұрттар*» өлеңі осындай армандардан туған болса керек. Оның дәлелі ондағы мынадай жолдардан аңғарылады:

Желкілдеп шыққан көк шөптей,  
Жаңа өспірім достарым,  
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,  
Ұмтылыңыз қалыспай!

Белгілі тұлғаның жаңа өспірім ұрпақтың өз қатарынан қалмауын меңзеп, өзгелер алға ұмтылып тұрған шақта қазақ балаларының қалып қоюынан секем алғандығы аңғарылады. Соған ұмтылып, осы жолдардың жалғасы ретінде «Біздің қалуымыз мұң болса, Сіздер барсыздар», - деген оймен тиянақтайды.

Ы.Алтынсариннің алған білімі мен тәрбиесі қазақ халқын ағарту жұмысына жетеледі. Сондай мақсатты жүзеге асыру үшін Ы.Алтынсарин халық ағарту жұмысына өзі сұранып, сол арманына 1854 жылы қол жеткізді. Ал 1869 жылы бірінші қыруйекте Торғай

облысының оқу инспекторы болып тағайындалды. Осы қызметте ол өмірінің соңына дейін болады. І. Алтынсарин өзінің ұстанымын қандай қиыншылық болса да тайсалмай жүзеге асыруды көздеді, соған шыдады, соңында дегеніне жетті. Бұл жайлы ол Н.И.Илминскийге жазған хатында білдіреді: «Ал енді құдай басыма не сала да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта қайтпаймын. Құдайым тек адам баласының жауыздық қылықтарына қарсы тұруға, нахак жала- жапсардың күйігінен арманда кетпеуге дем берсін» [1,197].

Қазақ даласында алғаш мәдениет пен оқу-ағартуды қолға алып, халыққа білім беру, мектеп ашу, оқулық жазу, сондай-ақ келешек ұрпақты білімге жетелейтін мұғалім даярлау ісінде үлкен енеге көрсеткен Ыбырай Алтынсариннің мұралары көпке дейін зерттеу нысаны болған емес. Тіпті, кешегі отызыншы жылдарға дейін арнайы зерттелмеген. Тек XX ғасырдың қыркыншы жылдарынан бастап қана қолға алына бастады. Қ.Жұмалиев пен С.Мұқанов, С.Исмаиловтың орта мектептерге арналған әдебиет кітаптарында Ыбырай Алтынсарин шығармалары талданып, олардың мазмұны мен мақсаты, идеясын ашып көрсетуге алғашқы талпыныстар жасалады. Ал тарихшылардың арасынан Ыбырай Алтынсариннің өмірі, ағартушылық қызметі мен жазысқан хаттары туралы архивтік деректерге сүйене отырып, дұрыс та дәйекті жаза бастаған Бекежан Сүлейменовтің еңбегін атауға болады [2].

Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұрасы жөнінде Б.Сүлейменов 30-ға жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектер жазған. Ол ең алғашқы болып Ыбырай Алтынсаринді қоғам қайраткері ретінде танытқан зерттеуші. Сондай-ақ Б.Сүлейменовты алтынсаринтанудың деректік негізін қалап, баға жетпес үлес қосқан. Профессор Ә. Ламашев ғалымның осы еңбегі жөнінде былай деп жазады: «Алтынсариннің мұраларын іздеуге, табуға, жинауға, жариялауға тарихшы Бек Сүлейменов ерекше үлес қосты. Ол Ленинград, Москва, Қазан, Орынбор, Чебоксары және республикамыздың бірнеше қалаларындағы архивтерде, кітапханаларда болып, мол материалдар жинады. Солардың негізінде Ыбырай Алтынсариннің 1943, 1948 жылдары баспадан шыққан «Таңдамалыларын» қайта қарап, толықтырып, алғы сөзбен түсініктеме жазып, 1955 жылы ұсынды. Академиялық үш томдығын орыс тілінде жариялады» [3]. Б.Сүлейменовтің соңғы еңбегі 1980 жылы жарияланды. Ол - «Ыбырай Алтынсарин - түрколог ғалым» мақаласы. Жалпы алғанда, Бекежан Сүлейменовтың Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның мәдени дамуы және қоғамдық ойдың даму тарихы бойынша еңбектерін екі кезеңге бөлуге болады. 1945 жылдан бастап 1957 жылға дейінгі бірінші кезеңде ғалым тақырыпқа байланысты 13 ғылыми - көпшілік еңбек жариялайды. Соның ішінде Ыбырай Алтынсариннің таңдамалы шығармалары жинағын қазақ (1955 жылы) және орыс тілінде

(1957 жылы) дайындайды. Екінші кезең 1957 жылы Ыбырай Алтынсариннің таңдамалы шығармалары жинағы жарық көргеннен кейін, Бекежан Сүлейменовтің осы тақырып бойынша зерттеуді тереңдетіп, түрлі қырларын кеңейткендігімен ерекшеленеді. Бұл зерттеулер Ыбырай Алтынсарин қызметі мен шығармашылығы жайлы кеңірек қарастыруды басшылыққа алса, одан кейінгі зерттеулер оның, ағартушылық, жазушылық, аудармашылық т.б. салаларын қамтитынын көреміз. Айталық, ғалым Ә. Қоңыратбаев Ыбырайды қазақ әдебиетіне қосқан үлесін айта келе, әңгімелерін, поэзиясын, аудармасын және ауыз әдебиетімен сабақтастығын сөз етеді. Оның айтуынша, Ыбырай Алтынсарин жаңалық енгізушілердің бірі ретінде танылады: «Ыбырай – қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Оның шығармаларында 1868 жылы реформаға дейінгі жағдай көбірек суреттеледі. Өйткені капиталистік құрылыстың қайшылығы аз айтылған» [4,147]. Осы әдебиетке қатысты зерттеулердің бастысы кезінде арнайы көркем шығармаларын сөз етіп, Ыбырайды қазақ әдебиетіндегі көркем прозаның негізін салушы ретінде бағалаған Қ.Жұмалиевтің еңбегі болатын [5].

Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдеби тіліне қосқан үлесі жайлы зерттеулер белгілі тілші ғалымдар А.Ысқақов, С.Исаев, Р.Сыздықовалардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Ал Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі бойынша арнаулы зерттеу - С.Хасанованың «Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі» атты еңбегі [6]. Ыбырай Алтынсарин өзі білім алған орыс педагогтарының ізін негізге салып, өз ана тілінің қасиетін арттыруды көздеген сияқты.

Қазақ балаларын оқытуда ол қазақ тілінің де мүмкіндігін, яғни білім беруге, өнерді үйренуге, насихат жүргізуге, тәрбие беруге, әдебиетті де дамытуға қабілетті екендігін ұғынып, өзі қалыптастырған мектептерде қазақ тілінде білім беріп, қазақ тілінде оқулықтар жазуды қолға алған болатын. Бұл оның қазақ әдеби тілін дамытудағы алғашқы қадамдарының бірі еді. Ана тілінің мұндай құдыретін тани білген ағартушы жайлы айтылған мына пікірде:«...Ы.Алтынсарин жалпы қазақ жұртының ұлттық тілі етуге барынша жәһәт қояды да, осы мәселелермен байланысты негізгі түйіндерді шешуге, көптеген шараларды нақтылы іске асыруға өзі басы-қасында болып, әрі басқарушы, әрі ол істі атқарушы, әрі үлгі-өнеге көрсетуші ұстаз» деп бағаланады [6,38-40].

Тілге деген мұндай қарым-қатынас, шындығында, осы кезеңге дейін болған емес-ті. Ана тілінің мерейін үстем етіп, оның қоғамдық қызметін арттыруға барынша күш салған бірден-бір дарын иесі - Ы.Алтынсарин. Ол мектеп пен медреселерде де қазақ тілі арқылы оқытуды көздеді әрі оны жүзеге асыра да білді. Ы. Алтынсаринге дейін қазақ тілі не орыс мектебінде, не ауылдағы мұсылманша оқитын мектептер мен медреселерде пән ретінде оқытылып көрген емес-ті. Ы.Алтынсарин ана тілін тұңғыш рет мектептің оқу жоспарына

енгіздіртті [6,38-42]. Ағартушы, мейлі ақын не жырау болсын, шығармаларының тілін қарастырғанда, алғаш тілдік қолданыстары негізге алынады. Ондағы сөздер, сөз тіркестері, сөз орамдарының жалпыхалыққа түсінікті болуы. Сол адамның тілге қатынасын сондай-ақ ұлттық болмыстары рөлін көрсетеді. Ал біз сөз етіп отырған ағартушы Ыбырай Алтынсариннің ұстанымы мен теңдесі жоқ еңбектерінде қазақ тілінің жүйеленіп, сұрыпталып, өңделіп әдеби тіл үлгісінің бір көрінісі ретінде танылатыны шындық. Егер ол ана тілінде тек мектепте ғана оқытылып, оның жоспарына енгізілуін талап етіп қана қойып, өзі тілдік қолданыста өзгеше ұстанымды басшылыққа алса, онда ол тілдің оқытылуымен шектеліп, оның тазалығына мән бермеген болар еді. Мұндай мысалдар тарихта жеткілікті. Алайда ағартушы Ыбырай Алтынсарин өзінің мақсаты мен тілдің мүддесін орынды қоя білген. Ол сол тілде білім алумен қатар сол тіл жалпыхалыққа түсінікті болуын талап етті әрі оны баршаға міндет етіп қоя білді.

Сондықтан Ыбырай Алтынсарин қазақ тілін мүмкіндігінше орынды, жүйелі, барынша қазақи үлгіде қолдануды басшылыққа алды. Бұл ретте ол тілді електен өткізіп, жалпыхалықтық нұсқаларын пайдаланады. Ал мұндай қатынас, өз кезегінде, оның әдеби тіліне тигізген өзіндік ықпалын танытты.

### **Ы.Алтынсарин шығармалары тілінің әдеби тілге әсері**

Соңғы жылдары Ыбырай Алтынсарин шығармашылығын сөз еткен әдебиетші, тілші ғалымдарымыздың еңбектерінде Ыбырай Алтынсариннің қазақтың жаңа сападағы жазба әдеби тілін қалыптастырудағы қызметі мен алатын орны кеңінен аталып келеді.

Қазақтың жаңа демократиялық бағыттары проза тілін қалыптастыруда Ыбырай Алтынсариннің рөлі өзгеше. Оның шығармаларының тілі жеңіл, тілдік орамдары қолданысы жағынан үйлесімді, образдарды берудегі қарапайымылығы ойға қонымды әрі есте сақтауға қолайлы болып келеді. Мысалы, «Әке мен бала», «Бір уыс мақта», «Асыл шөп», «Талаптың пайдасы», «Бақша ағаштары» т.б. «Әке, қарашы, анау ағаш неге тіп-тік, ал мынау қисық?», «Бұл шөптің аты - сабыр деп аталады», «Балам, бұл құмырсқа балаларына дән жинап жүр» т.б. Бұл әңгімелердің сөздік қоры тым қарапайым. Тіпті күрделі болып келетін сөздер де кездеспейді. Барынша жай, қарапайым сөздерден құралады. Мұндай мағыналы әрі тәрбиелі ой түйінін ұсыну Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдеби тілінің бір сипаты бола алатынын аңғартады. Айталық, оның жоғарыда келтірілген әңгімелері қысқа әрі нұсқа. Дегенмен тәрбиелік мәні бар әңгімелер. Оқуға да жеңіл, тілдік қолданыстағы сөздері де қарапайым. Тек балаға ғана емес, өзге жастағы адамдарға да қызықты әрі түсінікті. Ондағы сөздер *әке, бала, таға, шие, жұмыс, орамал, қыз, әже, мақта, торғай, ұя, балапан, жәшік, шөп, жеміс, ата, жаз, ағаш* т.б.

Осы сөздердің кейбірі аталмыш әңгімелердің бәрінен де қолданыс тауып отырады. Сөздер жиынтығы қарапайым осындай әңгімелерде басқа тілге тән сөздер де жоқ емес. Мысалы, қанағат, дүние, сабыр, қате т.б. сөздері шығыс тілдеріне тән болғанымен, олар сол дәуірде жалпыхалықтық тілдің құрамындары түсінікті сөздер қатарына еніп кеткен еді. Сол себепті Ыбырай Алтынсарин ондай сөздерді орынды әрі сәтті пайдалана білген. Әрине, сөз жиынтығы әртүрлі болып келеді. Солардың бірі – жергілікті сөздердің қолданысы. Ыбырай Алтынсарин шығармалары мұндай сөздерден де ада емес. «Әке мен бала» әңгімесінде ол «бітегене», «Бітегенеден соң және бір шие ...» сөзін қолданады. Сөздің мағынасы түсінікті: аздан соң, кішкенемен кейін. Алайда қаламгер диалекті сөзді қолдануды орынды санайды. Немесе «Бақша ағаштары» әңгімесінде «әбірет» сөзі қолданылады: «мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады». «Әбірет - ғибрат алу, үлгі алу» мағынасындағы диалектілік сипаттағы сөз.

Ағартушы Ыбырай Алтынсариннің тілдік қолданысы қаншалықты қарапайым болғанымен, әрқайсысын орынды әрі тиімді пайдалана білген. Поэзиясының да тілдік құрылымы қарапайым құрылған. Ондағы ұйқастар мен бунақтар да өзара үйлесімдік танытып, белгілі бір ойды түйіндейді. Мысалы:

Сиса көйлек үстінде  
Тоқуменен табылған...  
Сауысканның тамағы  
Шоқуменен табылған...  
Өнер-білім бәрі де  
Оқуменен табылған (сөз басы)  
немесе  
Таулардан өзен ағар сарқыраған,  
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.  
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,  
Аралап тау мен тасты арқыраған. (Өзен)

Осы мысалдарда көргеніміздей, Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінен астарлы сөз, қиыннан қиыстырған ұйқас не болмаса өзге мағынада ұсынылған сиқырлы сөзді де көрмейсіз. Біздіңше, оның басты себебі, мейлі өлеңдері, мейлі әңгімелері болсын, балаларға арналғандықтан болса керек. Әрине, балаларға арналған мұндай туындыларда олардың санасына, түсінігін, ойына, қабылдау түйсігіне лайықты болуын басты назарға алған сияқты.

Тілдік қолданысты осылай жеңілдете білуде Ыбырай Алтынсарин өзінің білімі мен тәжірибесіне сүйенген.

Ыбырай Алтынсарин өз заманындағы сауатты адамдардың бірі болған. Ол тек орысша оқып, сол тілдің жазуын енгізу керек дегенмен шектелген жоқ. Ол сан ғасырлар бірге келетін шариғи ұғымдарды да білім арқылы саралай білді. Мәселен, өлең жолдарында бір жаратушының барлығын былайша сипаттайды:

Жаратты неше алуан жұрт құдайым,  
Тең етті бәрімізге күн мен айын.  
Адамның адам біткен баласымыз,  
Қайсың бөлек тудың деп айырайын!

Осындай өлең жолдарында ол діни сөздерді барынша қазақша нұсқада жазуға тырысады. Оның өлеңдерінде Алла, әзәзіл, дозақ, дұшпан, иман, молда, күнә, пайғамбар, пір, сопы, тоба т.б. біршама сөздер кездеседі. Бұл қолданыстарды Ыбырай Алтынсарин мағыналық тұрғыдан орынды пайдаланады. Мысалы:

Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт өткен,  
Патша боп бұл дүниеге даңқы кеткен.  
Отыз ұлым бар ғой деп көптік ойлап,  
Құдайым отызын да әлек еткен...

немесе

Иманды ер құдайынан ұялады,  
Ұялып несінен сый алады...  
Ренжітпе бенде болсаң бейшараны,  
Кәріп көңілі бір сынғақ бияла-ды...

Ыбырай Алтынсарин шариғат жолын дұрыс ұғына білген. Оны өзі мұсылмандық жайлы жазған еңбегінде келтіреді. Алайда білу мен сол білген нәрсеге амал жасау екі басқа болса керек. Сол себепті оны діндар деуге келмес, бірақ ол жайлы өсиеттерін айтуға толық, негіз бар. Мысалы:

Бұзбаңыз әділдікті бұл мал үшін,  
Жиясыз оны-дағы бір жан үшін.  
Әзәзіл періштенің бастығы екен,  
Не болды тәкаппарлық, қылған үшін?

Осы келтірілген мысалдардағы діни сөздердің мағыналары ұйқасқа, бунаққа лайықты қолданылған. Мұны тек қана ұйқас үшін не бунаққа ғана лайықтап алды деумен шектеуге болмас. Ағартушы-ұстаздың қолданысындағы сөздердің мағыналары өлең жолдарындағы берілген ойды жеткізуде де негізгі рөл атқарып тұрғандығын атауға болады. Айталық, «пайғамбар» сөзі тек қана біз білетін «Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһи сәлам емес,

пайғамбарлар тарихындағы Дәуіт пайғамбарды, оның отыз ұлы» жайлы тарихи оқиғаны беруде орынды қолданыс тапқан.

Жалпы, «пайғамбар» сөзіне « қауымға Алла ақиқатын жеткізіп,

Құдайдың барлығы мен бірлігін мойындауға шақырушы елші» деген түсінік берілген [7,271]. Әрі қарай ол Сүлеймен пайғамбарды, одан патша Ескендірді тілге тиек етіп, тарихи жайттарды сипаттай келе, өз оқырмандарына өсиет етеді. Яғни оның басты ұстанымы, кім қандай дәрежеде болмасын, Құдай алдында пенде екенін ұмытпағанын өсиет етеді. Оның қолданысындағы сөздердің басым көпшілігі қасиетті Құран Кәрімде бар сөздер.

Жалпы, Ыбырай Алтынсарин қолданысындағы мұндай кірме сөздер біршама, өңделген үлгімен қолданылған. Әрі барынша сол замандағы жалпыхалыққа түсінікті сөздерді пайдаланған. Оны білім арқылы танытып, тарихи жайттарды сөз еткен өлең жолдарында орынды келтірген. Ол жайлы өзі былай дейді:

Оқу білген таниды  
Бір жаратқан құдайды,  
Танымаған құдайды  
Неғылғанда ұнайды...

Ыбырай Алтынсарин Құрандағы, Шығыстың аңыз- әңгімелеріндегі адамгершілік идеясын балалар санасына сіңіруді көздейді. «Өсиет өлеңдерінде» енді Ескендір жайында әңгімелен, оның патша болғанын, дүниені жаулағанын, өлмеуді арман етіп мәңгі судан ішкен адам мәңгі өлмейді екен дегенді естіп, мәңгі суды іздеп барғанын баяндайды. Мәңгі судан су алып келуге уәзірі Қыдыр Ілиясты жұмсайды. Қыдыр Ілияс суға барып, өзі ішіп, патшаға арнап тағы бір кесе су алады. Сонда бір адамға көзі түсіп, одан «Мұнда отырған неткен жансыз, қарасақ келбетіне мұсылмансыз?» деп жөн сұрайды. «Мендағы бір патша едім, еш күмәнсіз», -деп бейтаныс адам әңгімесін жалғастырады [7,271]. Міне, осындай аңыз-әңгімелердің мазмұны арқылы ағартушы келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие берумен бірге мазмұнды, мағыналы сюжеттерді ұсынады. Соның көріністері бойынша баланың арман-қиялын дамытуды негізге алады. Осындай мазмұнды әрі қызықты бейнелерді жасауда ол балаларға барынша түсінікті сөздерді қолданады. Бұл сөздердің қатарында, сөз жоқ, кірме сөздер де көрініс табады. Өз заманындағы өзгелерден бір ерекшелігі- оның өжеттілігі. Себебі оның тұсында өмір сүрген ақындар, жыраулар мен ұлттың зиялы қауымы Құдай, Алла, дін, шариғат, парыз т.б. сөздерді айтуға баталмай жүргенде, оның ислам дінін оқытуды қолға алуы, оған оқулық жазуы, сол оқулықтың бөлімдерінде құлшылық пен ислам дінінің парыздарын жазып, оқыту ағартушының көп нәрседен тайсалмай, қорықпайтындығын аңғартады.



Тіпті, ол орыс зиялыларымен хат алмасу барысында да мұндай сөздерді еркін қолданады. Ондай сөздер мен сөз тіркестерін хаттарында да жазып, өз тілектері үшін орынды пайдаланды. Мысалы, Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында мынадай жолдар кездеседі:

«... Әлсін-әлі алыс ауылдарды үнемі салқын мезгілде, не қара суық күзде, не ерте көктемде аралап жүру денсаулығымға әсер ете бастады. Әйткенмен, алланың бір рақымы болар тағы, бірқатар міндеттерімізді орындағанша қызмет етіп, кейін тыным алармыз...» (Н. И. Ильминскийге жазған хаты. 1889 жылы, ақпан). Мұндай сипаттағы қолданыстар Ыбырай Алтынсарин хаттарында молынан кездеседі. Бұл – ағартушының еш іркілместен, орыс зиялы қауым өкілдеріне ашықтан-ашық қолданған діни мазмұндағы сөздері мен сөз тіркестері. Мысалы: құдайдан тілеу, алланың шарапаты, алладан тілеу, дұға тілеу, дұғаның қабыл болуы т.т.

Ыбырай Алтынсарин тілдік қолданысында кеңірек орын алған сөздердің бір тобы - *көне сөздер*. Мұндай сөздерді де ол орынды қолданады. Мысалы, Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары, Шуылдап желмен бірге бас ұрады... Мұндағы қынарда сөзі жағасында, яғни өзеннің жағасындағы табиғат көрінісінің әсемдігін «тілсіз тоғай» тіркесі арқылы бейнелеп, ойды көркем жеткізіп ұйқасқа сәтті пайдаланады. Сондай-ақ «Ел қыстап күн көреді жанабында, Дәм болар алуан-алуан балығында.....» деген өлең жолдарында *жанабында* сөзін қолданады. Өзен жанабында, өзен маңайында, өзен жағасында, яғни екі сөздің мағынасы қолданысы жағынан бір-біріне жақын. Дегенмен әрқайсысы ұйқас пен бунаққа сәтті орналасқан. Айтайын деген ойға да үстеме реңк беріп тұр. «Қорлама кем адамды болсаң дана, Кәріпті құдай сүйсе неді шара?! Ер болған сиыр бағып Зеңгібаба, Пір болды түйешіден Ойсылқара» деген жолдарда көне ұғымдары Зеңгібаба, Ойсылқара сөздеріне ерекше мән беріп, одан әрі қайырсыздық пен жомарттықты еске салады. Оны ертегілердегі Қарынбай арқылы берсе, жомарттықты Атымтай бейнесімен ұсынады. Осылай бейнелеумен Ыбырай Алтынсарин көнеден қалыптасып келетін аңыздардың желісіндегі нұсқалардың мән-мазмұнын сақтап қолдануды негіз еткен.

Ыбырай Алтынсарин шығармалары тілінің келесі бір тобы - *орыс тілінен енген кірме сөздер*. Орыс тілінде білім алып, оның әліппесін оқытуда басшылыққа алған тұста оның қолданысынан орын алмауы мүмкін емес. Бірақ Ыбырай Алтынсарин орыс сөздерін барынша түсінікті қалыпта пайдаланды. Мысалы, оның қолданысындағы заем, завод, губернатор, университет, купец, школ, фабрика, ферма, т.б. сөздері сол мезгілде жалпыхалыққа түсінікті болған. Тіпті, кейде оларды қазақша нұсқада пайдаланған. Мысалы: «Білгеннің пайдасы» әңгімесінде мынадай сөйлем бар:

- Егер көп мық-шеге керек болса, мен пәдретін аламын. Осы сөйлемдегі пәдретін - орыс тіліндегі подряд сөзінің қазақшаланған нұсқасы. Орыс тілін меңгеріп қана қоймай, орыс педагогтарының үлгісімен орыс-қазақ мектептеріне арнап еңбектер жазған ағартушының шығармаларында орыс сөздерінің орын алуы заңды да. Себебі ол екі оқу құралын «Қазақ хрестоматиясы» (1889) және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» (1889) атты еңбек жазды. Бұл оқулықтарды қазақ-орыс мектептеріне оқулық ретінде ұсынды. Мысалы, «Хрестоматияға» ол қазақ халқының ауыз әдебиетінің үлгілерін, балаларға арналған нақыл әңгімелер мен өлеңдерді, орыс жазушылары Крылов, Толстой, т.б. әңгімелері мен мысал өлеңдерін орыс тілінен қазақ тіліне аударып енгізсе, хрестоматияның екінші бөлімінде жаратылыстану, жағрапия, тарих, физика, сондай-ақ техника саласынан түсінік беруді негізге алған. Ыбырай Алтынсарин өзі оқып қана қойған жоқ, өзінің алғырлығымен бірге келешек ұрпақты біліммен сусындату үшін сол жолда аянбай еңбек етті. Білім берудің әдіс-тәсілдерін де меңгерді. Соның нәтижесінде балалардың жас ерекшеліктеріне лайық дүниелерді ұсынуды да жақсы ұғынғандығын еркін аңғаруға болады. Ал мысал ретінде ұсынылған өлең жолдары осы айтылғандарға бір дәлел болса, екінші тіл тазалығын, яғни тілдің жалпыхалықтық қолданысындағы үлгілерін пайдаланғандығын әрі оның қазақ әдеби тілінің нұсқалары екендігін алға тартады.

Мақаланы қорытындылай келе, Ы.Алтынсарин жалпыхалықтық тілдің барлық ерекшеліктерін ескере, қолдана отырып, оқушы ұғымы, тіл байлығын жетілдіру. Міне, сондықтан Ыбырай Алтынсариннің жолы, өзгелермен салыстырғанда, басқаша өрбіді. Өзін ағартушылық жолда көргісі келген ұстаз бар өмірін соған арнады. Соның барысында тілдің тазалығын, әсіресе, еөге тілдердің сол замандары көп қолданыстағы татар тіліне орай жасаған ұстанымы өзінің хаттарынан да орын алды. Қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсарин Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Сіз қазақтың табиғи тілін бұзатын татаризмге өте қарсы екенсіз, ал мен де көптен бері осы пікірде болатымын» деп жазған еді [7]. Бұл екі Бірегей тұлға, ағартушы да кейін өз ұлтының жазба әдеби тілін халықтық негізде қалыптастыруда өзіндік ерекшелігі мен рөлі болды. Бұған сол кездегі тарихи жағдай да себепші болды.

Ахмеди Ысқақов: «Ыбырайдың қазақ әдеби тілін дамытудағы бағытын Абай білген, оның бағытын қолдаған екен деген пікірден аулақпыз, себебі олай айтуға дәлел жоқ. *Бірақ қазақ әдеби тілін дамыту жөніндегі Абай ұстанған бағыт Ыбыраймен үндес, екеуінің де әдеби тіл жайындағы көзқарастары, тәжірибелері үндесіп, қазақтың ұлттық әдеби тілінің дамуына даңғыл жол ашқанына шәк келтірмейміз*» дейді [8].

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Ыбырай Алтынсарин. Өнер-білім бар жұрттар. – Алматы: «Жалын», 1991. - 240 бет.

2. Сүлейменов Б. Алтынсарин Б. Таңдамалы шығармалары. - Алматы, 1985. - 120 бет.
3. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин: Семинарий. - Алматы : «Ана тілі», 1991. - 120 бет.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы: Санат, 1994. - 312 бет.
5. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем Әдебиет баспасы, 1960. - 364 бет.
6. Ысқақов А. , Ы. Алтынсарин және қазақтың ұлттық әдеби тілі // Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен даму жолдары. - Алматы , 1981. - 172 бет.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. I том . - Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. - 752 бет.
8. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Үшінші том (XV-XIX ғасырлар). Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2014 ж. - 346 бет

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Серікбай Оспанұлы. Ыбырай Алтынсарин және тәжік-парсы әдебиеті. «Қостанай таңы», 2014 жыл, 28 наурыз, №31 саны
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1996. - 362 бет
3. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы: «Мұрагер» баспа үйі, 2005. - 176 бет.

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СТРАТЕГИИ СМЫСЛОВОГО ЧТЕНИЯ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА**

*Толыбаева А.Б.  
ст.преподаватель Батинова А.С.*

**Аннотация;** в статье рассматриваются стратегии смыслового чтения как различные комбинации приемов, которые используются для восприятия текстовой информации и ее переработки в соответствии с коммуникативно-познавательной задачей. Здесь отображены несколько теоретических аспектов использования стратегий смыслового чтения при работе с текстовой информацией на уроках английского языка. А также подтверждена гипотеза о использовании стратегии смыслового чтения при работе с текстовой информацией, которая будет способствовать улучшению понимания текста, увеличению объема понимания информации, точности и глубины, обогащению лексическими единицами и повышению мотивации к чтению.

**Ключевые слова:** стратегия, информация, методы, приёмы, читатель, смысловое чтение

**Annotation;** the article deals with semantic reading strategies as various combinations of techniques that are used for the perception of textual information and its processing in accordance with the communicative-cognitive task. It displays several theoretical aspects of using semantic reading strategies when working with textual information in English lessons. It also confirmed the hypothesis about the use of a semantic reading strategy when working with